

Джекебаева М.А.,
Дюсенова Н.К.,
Турсунбаева С.Д.

**Адам еркі мен тағдырының
өзара байланысы**

Адам өз іс-әрекеттерінде тағдырына бағынышты ма немесе еркі өзінде ме мәселесі әрбір ойшылды толғандыратыны, өз танымдарында әртүрлі болжам айтуға, адам еркін қарастырғанда алдын-ала болжаушылықты өз қалауынша нақыштауға апараты. Бұл мақалада адам еркі мен тағдыры, олардың өзара байланысы ислам ағымы – Кадария көзқарастарында кеңінен қарастырылып өткен. Кадария ағымы адам өз іс-әрекетінде тағдырына бағынышты емес, еркі өзінде деп пайымдаса Жабария ағымы болса, адам өз іс-әрекетінде еркі жоқ, тағдырына бағынышты, іс-әрекеттері Құдай қалауында деп түйіндеген.

Мақаланың мақсаты осы мәселе тұрғысында дүниетанымдық көзқарастар болжамдау.

Түйін сөздер: ерік, тағдыр, парыз, ихтияри, изтирари, алдын-ала болжаушылық.

Jekebayeva M.A.,
Dussenova N.K.,
Tursunbaeva S.D.

**The relationship
of the human will and destiny**

Thinkers of all times in different ways considered the problem of human will and predestination, and the question arises whether or not a person is free in his actions and it all depends on his fate.

In this paper system is considered a problem of human will and destiny, the relationship of the two categories in the worldview of the Islamic currents – Kadar. Qadariyah believes that man is free in his actions, and his actions does not depend on the fate and Dzhabarity assume that everything that happens around on the will of God and man must obey them.

The purpose of this paper reveal outlook and views on the problem of will and predestination.

Key words: will, destiny, duty, Ihtiyar, iztirari, predestination.

Джекебаева М.А.,
Дюсенова Н.К.,
Турсунбаева С.Д.

**Взаимосвязь человеческой
воли и судьбы**

Мыслители всех времен по-разному рассматривали проблему воли и предопределения человека, и тут возникает вопрос, действительно ли волен человек в своих поступках или все зависит от его судьбы.

В данной статье рассматривается проблема человеческой воли и судьбы, взаимосвязь двух категорий в мировоззрениях исламского течения – Кадария. Кадариты считают, что человек волен в своих действиях, и не зависит от судьбы, а Джабариты предполагают, что все происходит вокруг по воле Всевышнего и человек должен подчиниться им.

Цель данной статьи – раскрыть мировоззренческие взгляды на проблему воли и предопределения.

Ключевые слова: воля, судьба, долг, ихтияри, изтирари, предопределения.

АДАМ ЕРКІ МЕН ТАҒДЫРЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Адам еркі мен тағдырының өзара байланысына діни талдау тұрғысынан қарасақ, алдымен Жаратушыға қатысты айта кетуіміз керек. Ұлы Жаратушының жазған тағдыры тек адамға ғана байланысты емес, жалпы болмысты, күллі жаратылысты қамтиды. Адамға байланысты тағдыр мәселесі күрделі болғандықтан, көпшілік оны қате түсінеді. Бәзбіреулер істеген күнәларынан «тағдырымда осылай жазылса, мен қайтпекпін?» деп ақталса, енді біреулер «әр ісімді өз қалауыммен жасаймын, тағдыр жоқ» деп шектен шығады.

Бұл екі пікірдің біреуі астамдық болса, екіншісі нұқсандық. Орта жолды, дұрыс тағдыр ұғымын түсіне алмаған.

Адам баласы басқа жаратылыстардан өзіндік ақыл-ойымен, айрықша ерік-қалауымен екішеленгендіктен Оның тағдыры да өзгеше.

Негізінде, адамға байланысты тағдырдың екі жағы бар. Біріншісі, пенденің еркінен тыс күш, Алланың қалауымен болатын құбылыстар. Мәселен, адамның ұлты, туылған жылы, жынысы, денінің саулығы мен ауру болып дүниеге келуі, бойының ұзын немесе қысқа болуы, зерек және әртүрлі қабілеттерге ие болуы, басына жер сілкінісі немесе басқа да апаттардың келуі, жетім қалуы тәрізді еркінен тыс болатын жағдаяттарды айтамыз.

Өз қалауынан тыс бұл әрекеттер үшін ақыретте сұраққа тартылмайды. Бірақ, тағдырмен қоса, адамның ерік-қалауы да бар. Мысалы жетім қалған бала өмірде жетім болғанмен, соған сабыр етіп, мойымай, Жаратушыға бас иіп, именуі – өз еркінде. Ұлы Иеміз байлықпен сынағысы келсе, ол ырзықты жақсылыққа жұмсап, кедей-кепшікке қол ұшын беріп, шүкіршілік етуі немесе байлықтың буына мастанып, тәкаппарлыққа бой алдырса да өз қалауы» – дейді [1, 39 б.].

Алла белгілі бір адамға сәтін салып, барлық шарттарды ыңғайлап, күні-түні жүгіріп істеген істеріне берекет беріп, бай етті делік. Яғни, Алла Тағала оның бай болуын қалап, тағдырына байлықты жазды. Демек, Ұлы Иесі бұл құлына мына дүниеде «байдың рөлін» беріп, байлықпен сынағысы келді. Бірақ бұл байлықты жақсы жолда қолданып, жетімдердің басын сипап, кедей-кепшікке қол ұшын беріп, Ұлы Иесіне шүкіршілік етуі немесе керісінше байлықтың буына мастанып, Жаратқанды ұмыт қалдырып, тәкаппарлыққа бой алдыруы – бәрі-бәрі құл-

дың өз қолында, өз еркінде. Құл екі жолдың біреуін өз қалауымен таңдап, жәннатқа яки тозаққа қарай жол салады. Пешенеге жазылған тағдырдың жанында адамға берілген өзіндік ерік-қалау бар. Тағдырдың өзіне жүктеген рөлін дұрыс жолда, салиқалы мағынада ойнап-ойнамауы әркімнің өз еншісінде.

Демек, жаратушы алдында пенденің жауапты болуы не болмауы екі тұрғыда қарастырылады. Біріншісі, адамның қалауымен яғни ықтиярымен, екіншісі, пенденің қалауынан тыс болатын әрекеттер. Шарифатта бұны ихтияри (қалауымен) және изтирари (мәжбури) әрекеттер деп атайды.

Мәжбури әрекеттерге жоғарыда айтылған адам бойындағы дене мүшелерінің жұмыс істеуін айтуға болады. Мысалы, жүректің соғуында, асқазанның ас қорытуында, тыныс алуында адамның ешқандай ықпалы болмайды. Сондықтан адам өз еркінен тыс жүзеге асатын мұндай әрекеттер үшін Аллаһтың алдында жауап бермейді. Бірақ, дені-басының саулығына селқос қарап, өзін тіпті күтпеген адам онысына жауапты болмақ.

Ал, адамның ерік-жігері мен қалауы арқылы болатын іс-әрекеттерге келсек, оларға: отыру, тұру, бару, келу, ұру, соғу, құлшылық ету, етпеу секілді т.б. көптеген амалдар жатады. Мұндай саналы әрекеттері үшін пенде не мол сауапқа кенеледі, не мол күнә арқалайды. Демек, пенденің ерік-жігеріндегі бұл істер оның өз қалауымен болады. Оны мұндай іске ешкім мәжбүр етпейді. Пенде бір істі қалап, соны жасамақ болып ұмтылса, Аллаһ оның қалауына сай, сол ісін жаратады, болдырады. Бұл да Аллаһтың тағдыры мен қазасына сай болады [2, 79 б.].

Алла Тағала әу баста әр адамның қай жерде, қай уақытта не істейтінін бастауы жоқ эзәли әрі шексіз ілімі арқылы білген. Өйткені, Алла үшін өткен шақ, осы шақ, келер шақ деген ұғым жоқ. Міне, Ұлы Жаратушымыз сол білгенін адам үшін тағдыр етіп «*Ләухул-Махфузға*» жазған. Басқаша айтқанда, адамның қалауы – Алла Тағаланың жазған тағдырында есепке алынған. Адам баласы күнә немесе ізгі іс істеуге мәжбүр емес. Өйткені, адамда таңдау еркі бар [3, 31 б.].

Алла Тағаланың бұйрықтарын орындаған адам Жаратушының салиқалы құлдарының тұғырына көтеріледі. Ал бұйрықтарына қарсы шыққан пенде күнәһар болады. Алла Тағала әу баста күнәһар және салиқалы құл болудың жолдарын осылай тағайындап белгілеген. Сондықтан кімде-кім осы екі жолдың қайсысын ұстанса, жазылған нәтижесіне жетеді. Міне, осы құлдың

қалауына қарай таңдалған нәтиженің Алла Тағала тарапынан әу бастан білінуіне «тағдыр» делінсе, білінген нәрсенің уақыты жеткен мезетте Алла Тағаланың құдіретімен жүзеге асуына «қаз» делінеді.

Жоғарыда Ұлы Жаратушымыз эзәли ілімі арқылы біздің мына дүниеде не істейтінімізді біліп, білгенін тағдыр етіп «*Ләухул-Махфузға*» жазған дедік. Демек, біз бұл дүниедегі барлық істерімізді Алла Тағала алдын ала білгені үшін істемейміз, керісінше, Алла Тағала не істейтінімізді білгені үшін тағдырға жазған. Яғни, Алла Тағаланың біздің істейтін ісімізді алдын ала білуі – бізді сол істі істеуге мәжбүр етпейді. Мысалы, біз күннің шығу сағатын астрономия ғылымы арқылы алдын ала біліп, күнтізбеге жазып қоямыз. Уақыты жеткен мезетте, дәл сол минутта күн шығады. Ал енді осы күннің шығуы біздің алдын ала есептеп білгеніміз үшін жүзеге асты ма? Жоқ, әлде сол уақытта шығатын болғаны үшін біз білеміз бе?. Сол секілді метеорология орталығы ертең қар жауады десе, қардың солардың айтқандары үшін жаумайтыны өз-өзінен түсінікті. Міне, дәл осы мысалдар іспетті біз де Аллаһтың жазып қойғандығы үшін амал етпейміз. Біздің қалай амал ететінімізді Аллаһ әуел бастан біледі. Ал біз өз қалауымызбен амал етеміз де сол Аллаһтың иләһи ілімімен межелеп қойған тағдыр жазуымызды табамыз [4, 96 б.].

Мақсат қою, тілек, қалау, мотивтер күресі, тоқтамға келу бәрі жиналып еріктік қимылдың «даярлық кезеңі» деп аталады. Еріктік амалдың ең негізгі кезеңі қандай болмасын тоқтамды орындау стадиясы. Өзінің қандай болмасын тоқтамын іске асыратын, оны орындайтын кісіні ғана еркі нағыз жетілген адам деп айтуға болады. Талай жақсы тоқтамдардың жүзеге аспай, орындалмай қалатындары да кездесіп отырады. Бұлай болудың себебі орындалудан қиын мақсатты алға қоядан, мақсаттың айқын болмауынан, әлі де болса өмірге дұрыс көзқарастың қалыптасуынан, өз ісіне сенімсіздіктен, мақсат еткен нәрсенді жан-тәніңмен сүймеуден т.б. себептерден болады. Сондықтан адам өзінің алдына шамасы келетін, орындай алатын мақсаттарды қойып, осы жолда түрлі қиыншылықтарды жеңіп отыруы тиіс [5, 84 б.].

Белгілі мінез-құлықтың принципі бар, өз ісін дұрыстығына көзі жеткен адам ғана нақтылы тоқтамға келе алып, оны қалай да орындаудың тиімді жолдарын таба алады, бұл жолда орынсыз солқылдақтық, табансыздық көрсетпейді. Кейбір адамдар өзінің алдына көмескі, бұлдыр мақсат қояды да, ой таразына жақсылап салмайды,

сөйтіп оны орындай алмай қалады. Ерекше ой жұмысын керек етпейтін жеңіл мақсатты алға қою да адамның еркін енжар, әлсіз етіп жіберуі мүмкін. Сондықтан белгілі ерік күшін талап ететін, тиісті жұмыстар істеу нәтижесінде қол жететін мақсаттарды ғана алға қоюмыз қажет. Сонымен, ерік қимылын тікелей қоздырғыштардың қатарына адамның қажеті, оның мотивтері мен мақсаттары, қызығулары, тілектері жатады. Бір нәрсені керексінуі ретіндегі қажеттілік әрекет жасау түпкі ниет болып есептеледі. Қажеттілік негізінде мотив, яғни қимылға ойысу себебі туады.

Ал, адам не нәрсеге тырысса, сол оның қимыл мақсаты болады. Егер де адам ұмтылып отырған мақсат пен оны осыған ойыстырған мотивтер айтылу болса, онда мұндай ұмтылыс тілек делінеді. Танылып білінбеген ұмтылыс қызығу делінеді. Тілекке қарағанда, қызығу адамның ерік ұстамдылығын аз дәрежеде алады, сондықтан да қызығу мақсаты нақтылы жүзеге асуды сирегірек алады. Адамның еркі алға қойған мақсатқа жетуде бөгет болатын тілектерді жеңе білу қабілетінде, әрі оны қажымай-талмай жүзеге асыра білуінде болады.

Ертеден-ақ ерік табиғаты жөнінде бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарас материалистік және идеалистік көзқарастар қалыптасты.

Материалистік ілім тұрғысынан алып қарасақ, адамның ерік бостандығы – себепті байланыстылыққа, детерминизм принципін бағынатын бостандық. Қиыншылықтарды жеңіп шығу да – ерік бостандығының бір көрінісі.

б) Тағдыр себеп пен себепкерге бірдей қарайды: ерік пен себептер де «Тағдыр кітабында» жазылған. Адамның еркі тағдырға бөгет болмайды, екеуі бір-біріне сүйенеді.

Адамның өз қалауы тағдырды, ал тағдыр адамның дербес қалауын жоққа шығармайды:

1. Жаратылыста иләһи тағдыр мен бағдарлама бар болса, адамда ерік пен пейіл бар.

2. Аллаһ тағаланың ілімі шексіз, ол уақыт пен кеңістікке тәуелді болмағандықтан өткенді, қазіргіні және болашақта болатын нәрселерді толық біледі.

3. Аллаһ тағала болашақта болатын бүкіл оқиғаларды әртүрлі кітаптар түрінде тіркеп жазады.

4. Біз істегендерімізді Аллаһ тағала солай жазды деп істемейміз, керісінше, Аллаһ тағала біздің өз қалауымызбен не істейтінімізді білгендіктен солай жазады.

5. Аллаһ тағала тағдырымызды жазатын кезде, біздің дербес қалауымызды ескереді әрі оны қалай қолданатынымызды да есепке ала отырып жазады.

6. Егер біз қалауымызды ізгі жолда қолданатын болсақ, онда Аллаһ тағала өзінің мол мейірімімен бізге мына өмірде нығметтер бергенімен қоймай ақыретте де жәннатты беруді уәде етуде.

Мұсылмандар «тағдыр, жазмыш» мәселесі төңірегінде пікірталастарға түсіп, бір бөлігі тағдырдың бар екенін негіздеу үшін шектен шыққан пікірлерге бой алдырып, адам баласында ешбір ерік пен таңдау құқының жоқ екенін айтқан. Тағдырға қатысты екі түрлі көзқараспен екі ағым пайда болды: қадария және жабария[6, 84 б.].

Жабария ағымын ұстанушылар «адам тағдырға тәуелді, оның амал етуде ешқандай ерік күші жоқ» десе, ал қадария ағымы «Аллаһ адамның ісіне араласпайды, пенденің өзі барлық ісін таңдаумен ерікті түрде жасайды, тағдыр деген жоқ» дегенді алға тартады. Мұсылмандардан басқа бір топ тағдыр дегенді түбегейлі жоққа шығарып, «адам баласы бүкіл іс-әрекеттерінде ерікті» деген көзқарасты ұстанды. Бұларды «Қадариттер» деп атады.

Зерттеушілер Қадария ағымындағы тағдырды жоққа шығарып, адам еркіне шексіз еркіндік берген бұл көзқарастың қайдан келгенін, кімдер тарапынан шығарылғанын анықтауға тырысқанмен дәлелді айғақ көрсете алмаған. Дегенмен, ақиқатқа жақындағандарын да жоққа шығаруға болмайды. Деректерде тағдырды жоққа шығару арқылы адам еркін анықтауға тырысқан бұл пікірді мұсылмандар христиандардан алған көрінеді.

Қадария ағымы тек қана тағдырды жоққа шығарған дербес бір мектеп ретінде сақталмаса да, осы тұста пайда болған мутазилиттер ағымының идеологиялық тұғырларының бірі осы «тағдыр мәселесі (қадарияшылдық)» болды. Мутазилиттерді тіпті қадариттердің жалғасы деп те айтуға болады.

Тағдыр, жазмыш мәселесі барлық қауымдарда көтеріліп, әртүрлі пікірлер орын алған. Алайда, солардың ешбірі де қанағаттанарлық нәтижеге қол жеткізе алмаған. Ислам бұл мәселеге өзіндік тұрғыдан жақындаған. Құранда адам баласына бір жағынан ерік бостандығы берілгені және жасаған іс-әрекеттерінен жауапты екені айтылса, бір жағынан абсолютті ерік иесі ретінде Алланы көрсетеді. Мұхаммед пайғамбар да тағдыр мәселесі төңірегінде пікірталас жасауға тыйым салып, бұл нәрсенің толыққанды шешімін табу мүмкін еместігін айтқан.

Дегенмен, осы мәселе мұсылмандар арасында әлсін әлсін талқыға түсіп, пікірталастың нысанына айналып отырған. Әсіресе, омейядтар кезінде пайда болған бір топ, тағдырды түсіндіру барысында адам баласының ерік бостандығы-

ның мүлдем жоқ екенін, барлық нәрсенің алдын ала бекітілген жазмышқа қарай жүзеге асатынын айтты. Олардың ойынша, адам баласы өз еркімен бір нәрсені жасауда дәрменсіз. Ол бүкіл іс-әрекеттерінде еріксіз (жәбр). Өйткені ешқандай күші, құдыреті, таңдау еркі жоқ. Алла бүкіл табиғат құбылыстарындағы қозғалысты жаратқаны секілді адамның іс-әрекеттерін де жаратады. Алайда, бұл іс-әрекеттердің адам баласына қатыстылығы рәміздік сипатта. Табиғатта болып жатқан құбылыстарға ағаш жеміс берді, су ақты, күн шықты және батты, жер қурады немесе көктеді деп қалай айтылса, адам баласының іс-әрекеттері де осындай болып табылады.

Матрудилік мектебі болса тағдыр мәселесін әһли-сунна бойынша қарастырып: тағдыр – иман шарттарының бірі. Әрбір мұсылманға тағдырға сену фарыз етілген. Әһли-сунна ақидасы бойынша тағдыр түсінігін Пайғамбар үлгісімен орта жолды ұстанады, яғни адам еркі мен жазмыш қатар жүреді деген пікірді ұстанады.

Жалпы ғаламға көз жүгірткен уақытта әр нәрседегі арнайы өлшемді, нәзік есепті, жалпы әлемді қамтыған таңғажайып жүйені байқаймыз. Әр нәрсе өзінің бойына берілген бағдарламамен жүруде. Мысалы, өрік ағашы кішкене дәнегіне қойылған бағдарлама арқылы жер бетіне қылтия шығып, күннен-күнге жайқала өсіп, көктем кіре бүршігін атса, артынан жемісінің сүйіншісі іспетті гүлін ашады. Сосын сол бағдарламаға қарай өзіне тән аңқыған исімен, көзді тартар реңімен, балдай тәтті дәмімен құлпыра өскен жемісін береді. Күн Алланың қойған бағдарламасына қарай арайлап атып, алаулап батады. Сол бағдарламаға қарай сәулесін шашып, жылуын төгеді. Жердегі судың бу боп көтеріліп, артынша бұлтқа айналып, уақыты жеткенде жерге қайта жаңбыр боп жаууы, құрғақ топырақтың, жалпы суға мұқтаждардың қажетіне жарауы – Ұлы Жаратушының арнайы бағдарламасына қарай жүзеге асады. Судағы ағу, тастағы қаттылық, жердегі тартылыс заңдары – бұл әрқайсысының өзіндік тағдыры. Құстардың ұшуы, балықтың жүзуі, еліктің жүгіруі – бәрі-бәрі Ұлы Жаратушының әрқайсысына лайық етіп қойған заңдары, арнайы тағдыры болмақ [7, 84 б.].

Құран Кәрімде: «Еш күмәнсіз біз барлық нәрсені арнайы есеппен жараттық». Демек, Ұлы Жаратушымыз әр нәрсеге өзіндік тағдырын жазған. Жаратылыстағы әрбір нәрсе сол тағдырдан, арнайы бағдарламадан асып, жалпы жүйеден шығып кете алмайды. Әлемдегі бас айналдырар мына тендессіз сұлулық, ерекше жүйе алдынала белгіленген арнайы жобаны, дәлме-дәл есеп-

ті, яғни, иләһи тағдырды нұсқайды. Жымыңдап, жарқыраған сансыз жұлдыз белгіленген өз мезесінен еш ауытқымай қозғалып, ғарышта жүзіп жүрсе, жан-жануар, өсімдік, жалпы жаратылыс Алла Тағаланың жазған арнайы бағдарламасын айна-қатесіз қайталап ғұмыр кешеді.

«Қаза» дегеніміз – Аллаһтың ежелден, әу бастан белгілеп, тағдырға жазып қойған құбылыстар мен жаратылыстардың уақыт, сағаты, мезгілі мен мекені, сәті келгенде жүзеге асуы. Яғни, әуелден Аллаһтың ілім мен қалауына сай бекітілген нәрселердің уақыты келгенде, Жаратушының «Тәкуин» сипаты арқылы іске асуы. Сондықтан табиғаттағы барлық нәрселер Аллаһтың тағдыр мен қазасына сәйкес болады. Еш нәрсе тағдыр мен қазадан тыс өздігінен яки кездейсоқ жүзеге аспайды.

Тағдыр мен қазаға иман – Аллаһ Тағаланың Ілім, Ирада, Құдірет және Тәкуин сипаттарына иман ету. Себебі, тағдыр мен қаза Аллаһтың осы сипаттары арқылы өлшеніп, белгіленіп, жаратылады. Бұл жағдайда біздер тағдыр мен қазаға иман етумен қатар жақсылық пен жамандықтың, ащы мен тәттінің, бүкіл жаратылыс атаулының Аллаһтың білуі, қалауы мен жаратуынан тұратындығына иман еткен боламыз [8, 109 б.].

Құранда иман негіздерімен байланысты аяттарда (Бақара-117; ниса-136) тағдыр мен қазаға иман ету мәселесі айтылмаған. Бірақ, Хазіреті Пайғамбарымыздың мәшһүр «Жибрил» хадисінде тағдырға сенудің де иманның шарттарына кіретіндігі айтылады. Құранда тағдырға иман ету мәселесі айтылмағанымен, жоғарыда келтірілген аяттарда барлық нәрсенің әу бастан тағдырға белгіленіп қойылғандығы ашық түрде баян етілген. Әһли сүннет бойынша, тағдырға сену – иман шарттарының бірі. Исламда Мұғтазила ағымы тағдырға иман ету мәселесін Құранда тікелей айтылмаған деу арқылы оны тіптен жоққа шығарады.

Ерік мәселесі мұғтазиланың «әділдік» ұстанымымен тікелей байланысты, бұл бағыт зұлымдықтың құдайдан келетіндігін айтқан және адамдағы еркіндікті жоққа шығарған «жәбрия» бағытымен пікір таласқа түсіп, бұл ағымдағылардың пікірлерінің Алланың әділдігіне сай келмейтіндігін алға тарта отырып, адамның барлық әрекеттерінен жауапты екендігін, сол үшін де ерікті екендігін дәлелдеп баққан. Алайда олар адамда толық еркіндік бар деп санағандықтан, жабрияға қарсы келеміз деп қателіктерге жол берген.

Ендігі бір тоқтала кететін мәселе мұғтазиланың іс-әрекеттер туралы пікірі. Олар жалпы істерді екі топқа бөледі.

Біріншісі, біздің шамамыз келетін, яғни еркіміздегі істер.

Екіншісі, шамамыз келмейтін, еріктен тыс істер.

А) Еркіміздегі істер он түрлі, мұның бесеуі тәнімізге қатысты, ал қалған бесеуі жүрегімізге (рухымызға) тән: 1) ауырлық, 2) қимыл, 3) материалдың элементтерінің бірігуі, 4) дыбыс, 5) қиналу, 6) сенім, 7) қалау, 8) қаламау, 9) ой және күмән, 10) пікірлер.

Б) Еркімізден тыс істер он екі түрлі: 1) түс (түр), 2) дәм, 3) иіс, 4) ыстық, 5) суық, 6) дымқылдық, 7) құрғақтық, 8) өмір сүру, 9) құдірет, 10) еріксіз қалаулар (ләззат алу), 11) жиіркену, 12) өлім.

Осыдан кейін мұғтазила, Алланың құдіреті біздің шамамыз келетін істерді де, келмейтін істерді де қамтып тұрады деген көзқарасты ұстанады. Сонымен қатар адам шамасы жететін істе ерікті, алайда адамның әрекетін Алла жаратпайды деп қабылдайды. Құдайдың құдыреті туралы аз қозғалатындықтан Мұғтазила бағытында адамның құдыретіне көбірек көңіл бөлінеді. Мұғтазила бағытын ұстанушылардың пікірінше тіршілікке және күшке ие болған адам баласы, өзінің ісін өзі атқара алатындай құдыретке ие. Олай болмаған жағдайда адамның әлсіздігін мойындауға тура келеді. Ал әлсіз адамнан белгілі бір іс-әрекеттің жүзеге асуы ақыл тұрғысынан мүмкін емес. Сондықтан адам баласы құдыретке ие.

Адамның қолындағы құдырет, бір істі істеу немесе істемеу үшін не болмаса басқа да мүмкіндіктерді пайдалану үшін жарамды. Осылай болмаған жағдайда адамның жауапкершілігі негізсіз болады.

Мұғтазила бағытында адамның еркіндік туралы қолданылатын «салах (тиімділік)», «мәнфағат (пайда)» ұғымдарына да талдау жасай кеткен жөн. Бұл ұғымдар негізінен адамның жақсы істерді таңдап алуы, жаман істерді істеуден бас тартуы оның еркіндікті қалай қолдануына тікелей байланысты болуы. Алайда Құдай ғана тек жақсылықты қалайды. Адамның кейбір кездері жаман істерді қалауы да орын алатындығы байқалады. Сондықтан тиімділік пен пайда мәселесінде құдайдың ісі мен адамдардың ісін салыстыруға келмейді. Адамның істеген ісін Құдайдан деп санауына болмайтындығының себебі де осы. Мұғтазила бағыты осы көзқарастары арқылы Исламның басқа бағыттарынан ерекшеленеді.

Жалпы сунниттік бағытты ұстанатын мұсылмандар өздерінің істеген істері мен жеткен табыстарын құдайдың арқасы деп, істеген жаманшылықтарын ғана өзінен деп санаса, Мұғтазила

адамның істегені жақсы істерін де, жаман істерін де өзінен деп есептейді.

Құдайдың «жаман» істе де жаратуға күші жететіндігін мұғтазила мойындайды. Алайда осы «жаман» деп аталатын істердің барлығы белгілі бір хикметке байланысты жаратылады, яғни алғашқыда бізге жаман көрінетін кейбір нәрселер «хикмет» жағынан, ол істің негізгі нәтижесі немесе жаратылу мақсаты тұрғысынан алып қарасақ жақсы болып шығады. Олай болса мұғтазиланың пікірінше Алланың жаратқан істерінің барлығы «жақсы». Өйткені құдайдың өзі жақсы болғандықтан, істеген істері, жаратқандары да жақсы болуы тиіс.

Алайда адамдардың істері мұндай емес, адамның істегендерінің астарына үнілсек кейбіреулері жақсы, кейбіреулері жаман екендігін көруге болады. Олай болса сол жаман істерді Аллаға таңу дұрыс емес. Қысқасы, жаман істердің барлығы адамдарға тән.

Мұғтазила келамшыларының пікірінше жақсылық пен жамандық Алланың еркіне тәуелді емес. Әрбір істің өзіне тән жақсы немесе жаман етіп тұрған объективті ерекшелігі бар. Мұны адам өз ақылымен ғана біле алады. Бұл тұрғысынан да олар басқа діни бағыттармен салыстырғанда еркінрек шешім қабылдаған. Яғни негізгі сунниттік көзқарас бойынша «жақсы» мен «жаман» жаман категориясында, Алланың жаман дегені жаман, тіпті ол негізінен жақсы болып тұрса да, жақсы дегені жақсы болып саналады. Бір сөзбен айтқанда бір нәрсенің жақсы немесе жаман болғандығын адам емес, Алла тағайындайды. Адамдардың міндетім тек жақсы дегендерін істеп, жаман дегендерінен аулақ болу. Алайда бұл мәселелер туралы құрандағы аяттар да сан түрлі. Еркіндік мәселесіндегі мұғтазиланың көзқарастарын былай топшылауға болады:

Адам ерікті. Ол, өз ісін өзі істейді.

Құдай оған бұл күш-жігерді берген.

Сондай-ақ бір мәселені істеу немесе істемеу толықтай оның қалауы мен еркіне тапсырылған.

Егер осындай ерікке ие болмағанда, ол істеген жақсылығы мен жамандығы үшін жауапқа тартылмас еді.

Егер Алла мұндай істерде адамның еркінен тыс мәжбүр етіп, сосын сол істегендері үшін жазаға тартса, ол зұлымдық немесе әділетсіздік болар еді.

Ислам дініндегі адамның еркіндікті, қалау, таңдау мәселелері туралы сөз болған кезде мұсылман ғалымда үнемі тағдыр және қаза тақырыптарымен бірге қарастырады. Бұл адамның еркіндігіне, қалауына сай бөлінбейді. Адамның

қалауы бойынша істелетін істерде мәжбүрлік болмайды. Адамның өзінің қалауына сай жүзеге асады. Мұның адам баласы өзінің еркімен жүзеге асқандығын біледі. Ал кей кездері адамның ерік қалауынан тыс жүзеге асатын әрекеттер де кездеседі. Мәселен, адам өзінің шамасы жетпейтін дұшпанынан қаласа да, қаламаса да жеңіледі. Бұл жерде біздің қалауымыз жүзеге аспағандықтан еркіндік туралы сөз болмайды. Еркіндік және қалау тек адамның өз ерік-күшімен жүзеге асатын іс-әрекеттер туралы айтылады.

Қорыта айтқанда, Жәбрия бағыты адамның ешқандай күші мен еркінің жоқ екендігін, Алла нені қаласа сол болатындығын алға тартады.

Мұғтазила бағыты, «әділдік» принципі бойынша Алланың барлық іс-әрекеттерінің белгілі бір мақсатта, хикметті, яғни адамдардың пайдасы үшін екендігін мойындайды. Олардың пікірінше адам өзі де бар күшпен бір істі істеуге немесе істемеуге шамасы келеді, әйтпесе жауапкершілікке тартылмас еді. Сондықтан адам еркін және іс-әрекетін өз еркімен жасайды. Іс-әрекеттердің Алла тарапынан адамдардың еркінен тыс жаратылуы зұлымдық болып табылып, жауапкершілік қағидасына қайшы болар еді.

Мухтазила мен Матуриди арасындағы айырмашылық: Мухтазила Аллаһты әділ көрсету үшін адамның барлық іс-амалдарын адамның өзінің ерік қалауына және күш құдіретіне тәуелді етеді. Адам өз іс-әрекеттерін өзі жаратқан деп, жарату үшін сол күшті құдай берген дейді.

Матуриди болса бұл пікірге келіспей, адамның іс-қимылының да жаратылуын құдайға беріп, адамға тек қана ерік қалау арқылы таңдауды, яғни еркіндікті береді, және сол арқылы адамды еткен амалдарына жауапкер қылады. Өйткені ойшылдың пікірі бойынша, Адамдағы белгілі бір амалды орындау үшін қажет болған күш-құдіретті де Алла жаратқан. Ол жаратылған күш-құдірет адамның қолданатын таңдауына, ынтасына, әуесіне қарай болады. Құдіретті Аллаһтың

жаратуы, адамның іс-қимылдарын да Алла жаратады деген сөз.

Ал мұғтазила бағыты, қадария бағытының тағдыр туралы түсінігін ұстанып белгілі бір жүйеге келтіргендіктен Құдайдың тағдырды жазып қоюын жоққа шығарады. Сонымен қатар адамды істеген істеріне жауапты деп санайды. Бұл нәтижеге олар, адамның құдай алдындағы жауапкершілігін дәлелдеу үшін барған сияқты. Бірақ жауапкершілікті дәлелдеу үшін тағдырды жоққа шығару қажеттілік пе?

Бұл сұрақтың шеңберінде көп мәселелер шешімін таппаған. Олардың алға тартқан дәлелі, Құдайдың тек қана ізгілікті қалайтынын жамандықты қаламайтындығы. Өйткені, жамандықты қалау да жамандық болып табылады. Құдайға мұндай қасиет тағу дұрыс емес. Олай болса адамның іс-әрекеті ежелден жазылмаған, алдынала жазылып қойылмаған, кейіннен атқарылады, және Құдайдың жазмышына ризашылықпен қарау шарт. Бұл – Құдайдың жазған жамандығына ризашылық таныту шарт деген сөз. Бұл дұрыс емес.

Өйткені әрбір адам өз бойында таңдау, қалау еркіндігінің бар екендігін ұзданы арқылы біле алады. Адам, санасымен ажыратып, ақылымен түсіріп, жүрегімен сүйіп, еркімен таңдап шешім қабылдайды.

Егер еркіндігі берілмегенде, құдайға деген иманның, құлшылықтың, адамның жасаған күнәсінің, бұл дүниенің сынақ болуының ешқандай мәні қалмас еді. Сондай-ақ, күнделікті өмірде адамдарды, бір істі істегені үшін немесе істемегені үшін сынап, жауапқа тартып жатамыз. Бұл да адамның еркіндікке ие екендігін білдіреді. Дұрыс тағдыр сеніміне ие болған мұсылман «қалай болғанда да тағдырым солай, бәрібір өзгермейді» деп қарап отырмайды. Бұл тәуекел ету емес, керісінше жалқаулық болып саналады. Өз еркі бойынша барлық мүмкіндіктерді қолданып, себептерді орындап содан кейін ғана нәтижесін құдайдан күтеді. Күткеніне қол жеткізу, немесе жеткізе алмай Құдайдың тағдырына тәуелді.

Әдебиеттер

- 1 Рысбекова Ш.С., Борбасова Қ.М., Құрманалиева А.Д. Діндер тарихы. – Алматы, 2012.
- 2 Мұхитдин Исаұлы, Құран кімнің сөзі? – Алматы: «Алтын қалам» баспасы, 2004.
- 3 Есім Ғ. Дінтану негіздері (оқулық). – Алматы: «Білім», 2010.
- 4 Байтенова Н.Ж., т.б. Дінтану негіздері. – Алматы, 2013 ж.
- 5 Матуриди, Китабут-Тәуһид, – Бейрут; 1987. – 175 б.
- 6 Затов Қ. Дінтану негіздері: оқулық. – Алматы, 2012. –125 б.
- 7 Джекебаева М.А. Еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысына әлеуметтік философиялық талдау кандидаттық ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация. – Алматы, 2008. – 138 б.
- 8 Жолдыбайұлы Қ. Имани гүл – Алматы; Дәуір, 2012. – 384 б.

References

- 1 Rysbekova S.S, Borbasova K.M., Kurmanalieva A.D. Dinder tarihy. – Almaty, 2012.
- 2 Muhitdin Isaulы, Kuran kimmін sozi? – Almaty: «Altyn Kalam» baspasy, 2004.
- 3 Esim G. Dintanu negizderi (okulyk). – Almaty: «Bilim», 2010.
- 4 Baitenova N.J., T.B. Dintanu negizderi. – Almaty, 2013.
- 5 Maturidi, Kitabut-Təuhid – Beirut. – 1987. – 175 b.
- 6 Satow K. Dintanu negizderi: okulyk. – Almaty, 2012. – 125 b.
- 7 Džekebaeva M.A. Erkindik pen zhauapkershiliكتin ozara baylanysyna aleumettik- filosofiyalyk taldau kandidatk gylmi darezhesin aluga arналgan thesis. – Almaty, 2008. –138.
- 8 Zholdybayuly K. Imani gyl – Almaty; Daur, – 2012, 384 b.